

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Колобова К. М. Древний город Афины и его памятники. — Л.: Издательство ЛГУ, 1961.
3. Кириков Б. М. Архитектурные памятники Санкт-Петербурга. — 2-е изд. — СПб.: Коло, 2007. — 384 с.
4. Бондаренко И. А. Красная площадь Москвы: Архитектурный ансамбль. — М.: Вече, 2006. — 416 с. — (Московский хронограф). — 5 000 экз. — ISBN 5-9533-1334-9
5. Чекаева Р.У., Чекаев Ф.М., Скачкова С.Б. Благоустройство городов // Астана 2011, изд-во «Фолиант». - С.128.
- СНиП РК 3.01-01-2008 Градостроительство
6. Чекаев Ф.М. Проблемы сохранения, реконструкции и реставрации градостроительных ансамблей Астаны // Международная научно-практическая конференция. «Проблемы сохранения памятников материальной культуры» - Алматы, КазГАСА, 2005 - с.41-47.
7. Kurokawa K. Kisho Kurokawa: selected and current works. Tokyo: Purotogarakishi, 1996.

Подсекция 12.4 Дизайн и инженерная графика

ӘОЖ 378.147.34

САТЫЛАТЫН ТАУАРҒА ҚАПТАМА ДИЗАЙНЫН ЖАСАУ

Абдраимова Дана Маратовна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕНУ Сәулет-құрылыс факультеті
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс студенті, Астана,
Қазақстан.

Рахимжанова Гульнур Балтабековна

miss.gulnur1983@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультеті
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Сатылатын тауардың қаптамасын жасау кеңестері.

Бәріне Сәлем! Мен «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының студентімін, бала кезімнен дүкендердегі тауарлардың сыртқы келбетіне көп көңіл бөлетінмін. Осыдан тауардың сыртын жасау мені шабыттандыратын. Қазақстандық өнімдердің сырқы қаптамасы шет елдік өнімдерге қарағанда, сәл артта қалып қойғанын байқауға болады. «Қаңшалықты қаптаманың дизайны тауардың сатылуына әсер етеді?» Деген сұрақ туындайды.

Азық түлік маркетингтік Институтының (Food Marketing Institute, FMI) зерттеулеріне қарағанда: қарапайым американдық дүкенде 40000-ға жуық тауар түрі көрсетілген. Осы бейнеде, 600 млрд. долларға бағаланған индустрия тұтасымен және толығымен тұтынушыға, дистрибьюторға, өндірушіге және графикалық дизайнерге байланысты (1 сурет).

Тауардың сыртқы қаптамасы графикалық дизайнның бір бағыты ретінде, ол тұтас бір индустрия. Халықаралық дизайн агенстволары, мысалға Landor, CBA'a и Coley Porter Bell, жүздеген дизайнерлерді жалдап, есте қалатын, әрі қызықты қаптамаларды жасаумен шұғылданады. Брендті алға жылжытып, атын шығартып, оны дамуына үлес қосады[1].

Бұл өте маңызды мәселе, сондықтан жақсы қаптама дизайны неден құралатынын атап кету керек.

1. Айқындылығы және қарапайымдылығы.

Дизайнерге дүкен аралаған кезде, тауардың қаптамасына байланысты, біріншіден осы қарапайым сұрақтарға жауапты іздеу керек:

- Бұл өнім не үшін керек?

- Қай брендтен ол шығарылады?



1 сурет Қарапайым, әрі түсінікті қаптамаға мысал

Бірінші 4 секунд ішінде бұл сұрақтың жауабын табу қиынға түсуі мүмкін. Ал әдетте тұтынушы әр тауарға 4 секундтай уақыт бөледі. Өнімде көптеген пайдалы заттарға толы деген, бірақ анық бренді жоқ тауарды көреміз. Олардың астарында белгісіз не екені жасырылғанәдемі, әрі жылтыраған қаптамаға оралған. Мысалға сыртынан балаға арналған шырынға ұқсас болып, бірақ шын мәнінде ол жуғыш зат болуы мүмкін (2 сурет).



2 сурет Қарапайым, әрі түсінікті қаптамаға мысал

Бұны сәтсіз қаптама дизайнына жатқызуға болады. Бұл ыдыс жуғыш зат өте тәбетті ашатын шырынға ұқсас келеді. Осындай тауарлар тұтынушыны шатастырады. Егер тұтынушы бұл тауарда не жатқанын, ол қай брендтен шығарылатынын білмесе, онда бұл дизайнердің үлкен қателігі болып табылады. **Ең бірінші ереже:** тауардың бренді және сипаты бірінші қараған кезден бастап көзге түсіп тұруы керек [2]..

2. Адалдық.

Қазіргі уақытта, өнімнің сатылуын көбейту үшін, оны барлық жағынан тек тиімді жағын іздейді. Олар мақта немесе джемге толы тәтті нанның суретін салып қояды, ал

нәтижесінде біз салмасы өте аз салынған құр нан аламыз. Немесе жидектерге толған йогурт суреті тұрады, ал шын мәнінде қарапайым ароматизатор қосылған йогурт. Тауарды, ақиқатқа сай емес қылдырып, он есе мақтап сипаттай келе, тұтынушыларды алдауға әкеледі. Нәтижесінде сатылымдар түсіп, ол брендтің имиджіне нұқсан келтіреді.

Әрине, тұтынушы не алып жатқанын білсе, қарапайым, әрі арзан заттарды алғысы келсе, алады. Тауардың бейнесін жөндеуге, келбетті қылдыруға болады, бірақ ол басқа затқа айналатындай түрде емес қой. Дизайнердің мақсаты, тауарды тек жақсы жағынан көрсету, бірақ шындықты жасырмай, адал болу. Өйткені дизайнер де тұтынушы қатарына жатады.

3. Түпнұсқалық.

Қазіргі заманда тауардың түрлері өте көп, және тұтынушының назарын алу жолы-тауардың үлгісін өзгеше, басқаларға ұқсамайтын етіп жасау болып табылады. Ол дизайнердің креативті ойларына байланысты.

Мысалға, барлығы фотографияларды қолданса, онда суретті иллюстрациялар немесе типографиялық жазулар қолдану керек. Немесе барлығында көлденең орналасқан қаптама болса, оны тігінен орналастырып көру керек, стиль жағынан да өзгешеліктер қолдануға болады.



3 сурет Қарапайым, әрі түсінікті қаптамаға мысал.

4. Қолайлылық

Қолайлылық жағына форма, көлем және оның функционалдылығы жатады. Тауардың қапталғаны қолайлы болған сайын, оның сатылымы жоғарылайды. Мысалы: компания Heinz крышкасы бар бутылкалы кетчупты шығарды, олардың сатылымы өрге ұшты (3 сурет).

Көбінесе қаптама дизайнын жасаған кезде, формасының қолайлығына көп мән берілмейді. Өйткені тұтынушылар үйреншікті нұсқасын таңдайды, осылайша дизайнерге жаңа нәрселерді ойлап табуға мүмкіндік бермейді. Бірақ та, егер жаңа форманы ойлап табуға мүмкіндік туса, ең алдымен оның қолайлығын, жеңіл тасылуын және сақталуын ойлау керек. Осылайша, қаптамамен байланысты көптеген мәселелерді шешуге болады [3,4].

Әрине, бұлар дизайн қаптамасының барлық ережелері емес. Сонымен қоса: брендті кеңейтуі, өнімнің тиімділігін есептеу, түстердің әсері және тағы басқа нәрселер туралы көп айта беруге болады. Тұтынушының тауарды алуына әсер етушінің бірі – Қаптамасының дизайны. Осы салада жұмыс істейтін дизайнер, тек дизайнмен ғана емес, сонымен қоса маркетинг пен психологиямен де айналысады, және ол мемлекеттің экономикасын көтеруге көп әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. <https://99designs.com/blog/tips/6-rules-of-great-packaging-design/>

2.Звонцов В.М. 'Основы понимания графики' - Москва: Издательство Академии Художеств СССР, 1963 - с.71

3. Косоурова Т. — Орнаментальная графика Жана Берена и ее влияние на французское прикладное искусство XVII – начала XVIII века. // Западноевропейская графика XV–XX вв '1985 (Ленинград, «Искусство»)

4. Моран А. де — История декоративно-прикладного искусства '1982 (Москва)

ӘОЖ 69.001.5

"АҚЫЛДЫ ҮЙ" ТЕХНОЛОГИСЫНЫҢ ОЙЫНҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

Абдраманова Жанат Муратовна

j.abdramanova_91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Сәулет-құрылыс факультеті,
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.А. Джумабаев

Әдетте электр жабдықтары қосылып, бірақ қолданылмай тұрса, электр ағыны сонда да өте береді. Бұл біздің күнделікті қолданыстағы электр энергиясының 5тен 10 пайызға дейін құртатынымызды көрсетеді, яғни ол ақшаның бостан бос кетуі. Сонымен қатар, ол осындай электр тоғының қысқа тұйықталуынан пайда болатын, түрлі өрт апаттырының себепкері болуы мүмкін. Сондықтан, электр жабдықтарын әрқашан ажыратуды ұмытып кететін кейбір адамдар, үйден шыққан соң ажыратуды еске салып тұруды талап етеді. Басқа жағынан қарайтын болсақ, егер адам электр розеткаларын ажыратуды ұмытып, сыртқа шығып кетсе, ол қауіпті жағдайды болдырмау үшін үйіне қайта оралып, розеткаларды өшіруге мәжбүр болады, ол дегеніміз өте көп уақытты алады. Осы проблемаларды шешу үшін, бізге «Ақылды үй» технологиясы қажет. Технологиялардың дамуымен қатар, адам өмірін жеңілдету және сапасын жақсарту мақсатында, «ақылды үй» туралы көптеген ғылыми зерттеу жобалары жүргізілді [1].

Қазіргі таңда сымсыз технологиялар біздің өмірімізде өте маңызды орыналады. Ғаламторға қосылу үшін біз Wi-Fi, 3G және 4G сияқты технологияларды, ал дауыс перифериясын алу үшін Bluetooth, DECT-пайдалану және GSM-телефонияны қолданамыз. Сымды технологияларды сымсыз технологиялармен алмастыру арқылы, алдымен, жылдамдықты арттыру мен кеңейтуді жеңілдетуге, қайта құрылым мен қайта ұйымдастыру, желінің ауқымдылығына, сонымен қатар, кабель тартуға кететін шығындарды үнемдеуге қол жеткіздік. Осыған қоса, сымсыз байланыс технологиясы кабель жатпау керек жерлерде оңтайлы кеңейтуге қол жеткізуге мүмкіндік береді, мысалы, құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін ғимаратты жалға алушы одан бас тартқан кезде сымсыз технологияларды пайдалану өте ыңғайлы. Әрине, сымсыз технологиялардың өзіндік кемшіліктері бар, бірақ олар қазіргі заман талабына сай технологиялық стандарттардың дамуына байланысты біртіндеп жойылып жатыр. Технологиялардың өсу жылдамдығына және адамдардың өмір сүру стандарттарының жоғарылауына байланысты адамдардың үйдің ыңғайлы болуына сұранысы да жоғарылауда. Осыған сәйкес ақылды үйлер пайда болды және олар желі прогрессіне байланысты қарқынды дамуда.

Ақылды үй - жаңа заманғы компьютер технологиялары, басқару технологиялары және ақпараттық технологиялардың қосындысы болып табылады. Ақылды үй технологияларының дамуы сымды және сымсыз сатыларды бастан кешірді. Кабелдің жетіспеуіне және оның ауқымдылығы аз болуына байланысты сымсыз технологиялар ақылды үйлер үшін орны толмас желі болмақ [2].

Ақылды үй желілік технологиясының негізгі екі түрі бар, олар сымдар жүйесі және сымсыз жүйесі. Сым жүйесінде, жабдықтар тікелей негізгі қуат көзінен ішіне қосылатын